

# Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!



Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№18-19 (874-875) Сәрсенбі 1-8 мамыр 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕР ҮЗДІКСІЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласындағы бірқатар маңызды мәселе талқыланған мәжіліс өтті.

«Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық акциясы өтуде. Акция аясында қала тазалығы мен абаттандыру жұмыстарын қарқынды жүргізу қажет.

Бүгінде қоғамда жиі көтерілетін мәселелердің бірі – ауыз су сапасы. Осы түйткілдерді шешіп, уақытылы су берілуін қадағалаңыздар. Коммуналдық қызметтер үздіксіз жұмыс жасауы керек. Жылу маусымына дайындық та назардан тыс қалмасын. Осы кезден бастап жұмысты бақылауға алыңыздар. Тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында барлық электр трансформаторларының жабық болуын қамтамасыз етуді тапсырамын», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сонымен қатар аймақ басшысы мерекелік күндері жұмыс істейтін коммуналдық мекемелердің қызметкерлеріне сыйақы беру мәселесін қарастыруды жүктелді. Айта кетейік, Сыр өңірінде жол инфрақұрылымын, көлік қатынасын дамыту саласында ауқымды жобалар қолға



алынууда. Оның ішінде, аймақ тұрғындарының сұранысына орай авто және теміржол үстінен өтетін көпір өткелдері құрылысы қарқын алған.

Өткен жылы республикалық және облыстық бюджет есебінен 5,7 млрд. теңгеге «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі бойындағы жол айырығына салынған жаңа көпір пайдалануға берілді. Сонымен қатар 1 млрд теңгеге жуық қаржыға Қызылорда қаласының Белкөл кенті мен Ясауи көшесі тұсында, Жалағаш ауданы орталығында

теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірі ел игілігіне табысталды. Арал ауданында 3,1 млрд. теңгеге автожол көпірінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Қаланың Шанхай мөлтек ауданы тұрғындарының көптен бері көтерген мәселесі де оң шешім тапты. Қазір облыс орталығында абаттандыру бойынша 213 жоба жүзеге асуда, оған 12,7 млрд теңге жұмсалмақ. Сондай-ақ, 160 көше 31,7 млрд теңгеге жөнделді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі



## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ПОЛИЦЕЙЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Қызылорда облысының Полиция департаментінде «7 мамыр – Отан қорғаушылар» және «9 мамыр – Ұлы Жеңіс» күндеріне орай мерекелік патриоттық шара өтті. Іс-шара департаменттің жеке құрамы, ішкі істер органдарының ардагерлері және БАҚ өкілдерінің қатысуымен өтті.

Салтанатты шара Қазақстан Республикасы Әнұраны ырғағымен ашылып, Ішкі істер министрі полиция генерал – лейтенанты Саденов Ержан Сапарбекұлының құттықтауы оқылды.

Департамент бастығы полиция генерал-майоры Аблазимов Махсудхан Нұғманұлы арнайы құттықтау сөзін сөйлеп, халықтың мызғымас тыныштығы үшін еңбек етіп, қызметте жүрген тәртіп сақшыларына және зейнетке шықса да қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жастарды тәрбиелеуде зор үлес қосып келе жатқан ішкі істер органдарының ардагерлеріне өз лебізін білдірді. Сонымен қатар, ішкі істер органдарында ұзақ жылдар бойы қызмет етіп, өмірден озған Ұлы отан соғысының және тыл ардагерлерінің рухына бас иіп,

тағзым етуге шақырды.

Ардагерлерге құрмет көрсету ішкі істер органдарында дәстүрге айналған игі шаралардың бірі. Осы орайда нықтарына погон тағып, құқық қорғау қызметінің ыстығына күйіп, суығына тонып, саналы ғұмырын ішкі істер органдарына арнаған құрметті ардагерлер қонақ ретінде арнайы шақырылды.

Мерекелік құттықтау сөз облыстық ішкі істер органдарының Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Серікбол Қуатбайұлына беріліп, осынау айтулы күнге орай ардагер полиция қызметкерлеріне жылы лебізін жеткізді.

Шара барысында Ішкі істер министрінің марапаттау жайлы бұйрығы ресми түрде оқылып, министр бұйрығымен 18 қызметкер марапатталса, полиция Департаменті бастығының

бұйрығымен ерекше көзге түскен департаменттің 156 қызметкері марапатталды.

Марапат лайықтыларға беріледі. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған полиция полковнигі Маншарипов Айдарбек Жақсыбекұлы үшін бүгінгі күн ерекше. Себебі ішкі істер органдарында 30 жылдан астам уақыт еңбек етіп келе жатқан полиция полковнигі үшін бұл марапаттың орны бөлек.

«Бұл марапат еңбегімнің жоғары бағалануы. Ел тыныштығын қамтамасыз ету мақсатында жаңа жөністерге жетуге ынталандыра түседі. Туған жердің тұғырын биік ету жолында адал, әрі мүлтіксіз қызмет етемін», – дейді еңбегі елген полиция полковнигі А.Маншарипов.

Айтулы іс-шара соңы мерекелік концертке ұласты. Тәртіп сақшылары «Әлия», «Қазақ деген халықтың баласымын», «Отан Ана», «Парад победы» әндерін орындады.

## АЙБЫН-2024» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫНЫҢ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТТІ

Ел дамуы мен өркендеуі, кемел келешегі жастарға тікелей байланысты. Ал, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау – біздің ортақ міндетіміз. Сондықтан, жастарға тәрбие беру ісінде әскери-патриоттық шаралар мен спорттық жұмыстардың алар орны ерекше.

Жастардың бойында отаншылдық, патриоттық сезімдерін ояту, әскери-патриоттық жұмыстарды жетілдіру мақсатында аймақта Х әскери-патриоттық жастар жиынына 8 команда қатысуда.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов жиынның ашылу рәсімінде жас сарбаздықтарға шынайы лебізін білдіре отырып, республикалық

жиында Сыр елінің намысын қорғайтын қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Қарулы күштер ардагерлері» республикалық бірлестігінің төрағасы, ардагер Мыңділдә Ршауов, Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің орынбасары, подполковник Алмаз Жақипов, Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Бектұр Қали, Қызылорда облысы Төтенше жағдай департаментінің ардагері Ғани Байменов, ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінің ардагері Асан Худояров, ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының

орынбасары Нұрбек Абдирақиев өңірміздің жас сарбаздарына жарқын жетістік тілей отырып, құттықтау арнады.

Әскери-спорттық және әскери-қолданбалы 8 спорт түрлері бойынша жарыстың облыстық іріктеу турында 120 жас сарбаздықтар өнер көрсетті. Жүлделі орын иеленген командалар медаль, кубок, қаржылай сыйақымен марапатталды. Жарысқа қатысушылар арасынан ең жоғары балл жинап, үздік танылған сарбаздар бір командаға іріктеліп айғымдағы жылдың маусым айындағы Алматы қаласында өтетін Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиына қатысады.

## ЖАҢА ӘУЕЖАЙ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУМАҚ АБАТТАНДЫРЫЛУДА

Қызылорда қаласында Болат Өтемұратовтың қорынан бөлінген қаржыға «Қорқыт ата» әуежайдың жаңа терминалының құрылысы жүргізіліп жатыр. Нысан таяуда ел игілігіне табысталады деп жоспарлануда. Бүгінде аталған ғимарат аумағына абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл туралы Қызылорда қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Өткен жылы осы терминал жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға барлық инженерлік жүйелермен қамтылды. Ал, биыл әуежайдың аумағы және оған іргелес аумақ абаттандырылуда. Кеғалдандыру жұмыстарын бастап, кіреберіс жолы да салынууда.

Атап айтқанда, «Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата әуежайының аумағын абаттандыру. Тузеу» жобасы бойынша аумақта 615 шаршы метр гранит жабыны, 16,2 шаршы метр асфальт, 4038 шаршы метр кесіле тас және 3630 шаршы метр кыпшық тас төселуде. Бұдан бөлек, «Қызылорда қаласындағы әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру құрылысы» жобасы бойынша 4 жолақты, ұзындығы 480 метр, әр жолақтың ені 3,5 метр болатын жол салынууда.

Аталған жобаларды жүзеге асыруға жарияланған мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпаздары «Сәт-Сервис» пен «Иман» ЖШС құрылысқа жоғары сапалы материалдарды пайдалануда.

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2500 теңге;**

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

**6 айға – 2850 теңге.**

## БАСЫЛЫМАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

• Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!

• Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар

арқылы ала аласыздар:

8 777 752 5463; 8 705 982 7661.

## БРИФИНГ ӨТТІ

Қызылорда қаласы әкімдігінің баспасөз орталығында «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорнының басшысы Бауыржан Әбдіғәппарұлы бұқаралық ақпарат құралдарына арнап брифинг берді. Онда мекеме басшысы қала тұтынушыларын үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мен кәріз суларын бұру және тазарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Бүгінде кәсіпорын теңгерімінде 976,12 шақырым ауыз су жүйелері, 11 дана II-ші су көтеру насос станциялары, 112 ұңғыма, 6 дана су қысымын көтеру насосты станциялары және Тасбөгет кентінде бас су жинау кешені бар. Сала басшысы тұтынушыларға 74 ұңғыма арқылы тәулігіне 74-78 мың текше метр ауыз су өндіріліп, таратылып отырғанын айтады. Ауыз су қажеттілігі артақан уақытта су қысымы 2,4-2,5 атмосфераға дейін көтеріледі екен. Айтуынша, барлық ұңғыма мен су алу құрылымы жүйелі жұмыс істеді. Жаз айларында тәулігіне 100-110 мың текше метр ауыз су өндіріліп таратылады. Оның 62-63,0 мың текше метр ауыз су жер асты су қорынан, қалған 37,0-38,0 мың текше метр ауыз су жер үсті су алу көзінен өндіріледі.

– Ауыз су сапасы Қазақстан Республикасында бекітілген стандарттарға, яғни 2874-82 ГОСТ-қа сай келеді. Су сапасы кәсіпорының базальк зертхана мамандарымен күнделікті тексеріліп бақыланады, сонымен қатар қалалық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасымен қадағаланады, – деді кәсіпорын

басшысы.

Сонымен қатар, брифингте сала басшысы Бауыржан Әбдіғәппарұлы ауыз су сапасы бойынша түсетін шағымның көпшілігі «Арай» ауданы тұрғындарынан түсетінін атап өтті. Бұл құрылымға 2013 жылы Қызылжарма кен орынынан 13 бірлік ауыз су ұңғымасы бұрғыланып, пайдалануға берілген. Ұңғыма тереңдігі 470-482 метр, 2-ші көтерілімдегі насосты станциясы, көлемі 1000м3 болатын 4 дана таза су резервуары бар.

– Су жинау резервуарына құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес 2 жылда 1 рет тазартылуы керек болса, Арай су алу құрылымының таза су резервуарлары мен кварталаралық ауыз су жүйелеріне тазарту, жуу, шаю және залалсыздандыру жұмысы бір жылда 2 реттен жүргізіледі. Наурызда жоспардан тыс тазарту, жуу, шаю және залалсыздандыру жұмысы жүргізілді. Бұған қоса, «Гео-Инвест» ЖШС мамандарымен ауыз су сапасына геологиялық барлау, талдау жұмысын жүргізуге келісім-шарт жасалды.



Қазіргі уақытта тексеру жұмысы жүргізілуде, – дейді кәсіпорын басшысы.

Жаз маусымындағы су мөлшерінің төмендеп кетуіне көлік жуу бекеттерінің де әсері мол екен. Оның үстіне дария суы да азайып, тіршілік тынысына деген сұраныс артады.

– Соған қарамастан ауызсу қажеттілігін толық қамтамасыз ету үшін, жергілікті бюджеттен 620 миллион теңге бөлініп, межеленген жұмыс орындалды. Жоспарланған 36 ұңғыманың ағымдағы, 14 ұңғыманың және 6 бірлік су қысымын көтеру насосты станциясының күрделі жөндеу жүргізілді. Бұл насосты станциялар 63 көпқабатты тұрғын үйлердің ауыз су қысымын реттейді. Қазіргі таңда 3 ірілендірілген квартал су қысымын көтеру насосты

станциясы іске қосылды. «Ожың» және «Титов» шағын ауданындағы су қысымын көтеру үшін қажетті трансформаторлық қосалқы станциясы мердігермен жеткізілуде. Алдағы уақытта тағы да 149 көп қабатты тұрғын үйдің су қысымын реттейтін 6 бірлік су қысымын көтеру насосты станциясының құрылысын жүргізуге «Қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұсыныс берілді, – деді мекеме басшысы.

Брифинг барысында кейбір тұрғындар су есептеу құрылысын негізсіз шешіп алу фактісі кездескенін де тілге тиек етті. Арнайы мекеме қызметкерлерінің қатысуымен шешілмеген құрылыс үшін айыппұл төленетіні ескертілді.

### ОБЛЫС ӘКІМІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназаровамен кездесті. Аймақ басшысы денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштері, өзекті мәселелері туралы айтты.

«Мемлекет басшысының, Үкіметтің тапсырмасына сәйкес біз денсаулық сақтау саласының дамуына, медицина ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, олардың қажетті медициналық қүрал - жабдықтармен қамтамасыз етілуіне, тапшы кадрларды даярлауға ерекше көңіл бөліп келеміз. Заманауи жаңа ғимараттарды елігілігіне табыстап, медицина қызметкерлерінің жылы да жайлы жұмыс орынына халыққа сапалы қызмет етуі үшін барлық жағдай

жасалуда. Нәтиже жаман емес. Жалпы өлім-жітім көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда бір деңгейде сақталса, ана өлімі 5,7 есе, сәби өлімі 13,4%-ға төмендеді. 2023 жылдың қорытындысымен 3 негізгі медико-демографиялық көрсеткіштің нысаналы индикаторына қол жетті. Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылы республикалық және жергілікті бюджеттен 52,1 млрд теңге қаралып, 23 медициналық

нысан салынды. Оның 17-нің құрылысы аяқталды. Биыл 5,5 млрд теңге қаржы бөлініп, 5 нысан құрылысы жүргізілуде, оның 2-еуі пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 11 нысан құрылысына сағып алу конкурсы жарияланды. Мердігерлер анықталғаннан кейін тездетіп құрылысты бастаймыз. Нысандар жыл соңына дейін елігілігіне табысталады», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сонымен қатар, облыс әкімі Қызылорда қаласы мен аудандарда салынуы тиіс бірқатар медициналық нысан құрылысына қажетті қаржы бөлу мәселесіне ықпал етуді сұрады. Мәселен, Қызылорда қаласындағы №4 және №5 калалық емханалардың құрылысы шешімін таппай келеді. Облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының бөлімшелеріне модульдік жедел жәрдем станциясын салу қажет.

Ақмарал Шәріпбайқызы Қызылорда облысының медицина саласындағы жетістіктерді атап өтіп, аймақ басшысы көтерген мәселелер зерттеліп, шешу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Айта кетейік, Сыр өңіріне сапары барысында Денсаулық сақтау министрі Жаңақорған, Шиели аудандарына барды. Әрі қарай ведомство басшысы БАҚ өкілдеріне брифинг өткізіп, көпбейінді облыстық ауруханада сала қызметкерлерімен, «Достық үйінде» облыс халқымен кездеседі. Сонымен қатар, азаматтарды жеке қабылдайды деп жоспарлануда.

### МАЙДАНГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына арнайы барып, Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыровты Жәніс күнімен құттықтады. Майдангердің үйіне облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев те барды.



Яхия Тасыров 102 жаста. Ғасыр куәгері Ташкентте текстиль оқуын оқып, 1940 жылы текстиль фабрикасына шебердің көмекшісі болып жұмысқа орналасады. 1941 жылдың аяғында Ташкент облысы Фрунзе аудандық әскери комиссариатынан әскерге алынған. Сібірде, Омбы қаласында алғашқы әскери дайындықтан өтіп, 1942 жылдың қазанында майданға жіберілген. Соғыс жылдарында Сталинградты, Курскіні, Польшаны жаудан қорғаған. Данск жерінде портта айғын ауыр жараланған. 1944 жылы шекарадан Германияға кірген. 1945 жылы тамыздың аяғында елге оралған. Бейбіт өмірге араласқаннан кейін аудан орталығындағы сүт зауытында қойма меңгерушісі болып 16 жыл жұмыс жасаған. 1960 жылы Жалағаштын сүт

зауытында мастер, 1982 жылы аудан орталығындағы астық қабылдау пунктінде жұмыс жасап зейнеткерлікке шыққан. «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Ұлы Отан соғысы І-ІІ дәрежелі орденімен», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Жеңістің 40-50-60 жылдығы» медальдарымен марапатталған. Бүгінгі күні 3 ұл, 1 қыздан 15 немере сүйген қызыналы қарт.

Облыс әкімі ардақты ақсақалға ізгі тілегін жеткізіп, сыйлық табыстады. Егемен еліміздің жас ұрпағына патриоттық тәрбие берудегі ардагерлердің зор

үлесін атап өтті. Айта кетейік, Жеңістің 79 жылдығына облыста арнайы іс-шаралар жоспары бекітілді. Онда мерекелік құттықтаулар, қайырымдылық, әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсету шаралары қамтылған. Бүгінде аймағымызда Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген 3948 ардагер бар. Мереке қарсаңында бюджеттен біржолғы әлеуметтік қолдау көрсетілмек. Облыстағы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 2 млн 500 мың теңгеден біржолғы әлеуметтік көмек төленеді.

### ҚАРМАҚШЫЛЫҚ МАХАМБЕТЖАН ЕРМАХАНОВТЫҢ МАЙДАҢДАҒЫ ЕРЛІГІ

Халықтың алтын мұрасы, қымбат қазынасы – архив қоры. Уақыт өтеді, ескі көнереді, бірақ рухани мұраның келешек ұрпаққа берер тағайымы мен тәлімі мәңгілік жалғасады.

9-мамыр Жеңіс күні. Тұтқиылдан Кеңестер Одағына басқыншылықпен шабуыл жасаған неміс фашизмнің адамзат баласына жасаған қайғысы мен қасіретіне қанша жыл өткенмен, соғыстың барлық ауыртпалығын басынан өткізген бұрынғы көпұлтты Кеңес халқы ешқашан ұмытпайды. «Ер есімі – ел есінде» демекші, мақалаға арқау еткені отырған батырларымыздың бірі – қармақшылық Махамбетжан Ермаханов.

Майдангер 1919 жылдың қыркүйегінде Қармақшы ауданына қарасты №6 ауылында келешік шаруа отбасында дүниеге келген. Ата-анадан жастайынан жетім қалған ол жұмысқа ерте жегіліп, өзінен кейінгі інісі мен қарындасы Салық пен Құлпашты асырайды. Інісі мен қарындасын немесе ағасы, жырау Молдахмет Дабылұлына аманат етіп, 1939 жылдың 19 қыркүйегінде Совет Армиясы қатарына алынады. Махамбетжан армия қатарында жүріп Финляндия соғысына қатысады. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысының ауыртпалығын

бастан өткізіп, Беларусь, Калинин, Батыс майдандарында және Украина, Прибалтика, Москва үшін шайқастарда жауға қарсы жан аянбай шайқасқан.

1941 жылы ол II-ші Украина мергені, мергендер бөлімінің командирі, танкіге қарсы атағын ПТР мылтығының бірінші нөмірлі атқышы, барлаушылар тобының жетекшісі болып, Харьков қаласы түбіндегі қиян-кесті ұрысқа, Сталинград майданына, Ленинград блокадасына, Днепр өзенінен өтетін сұраулы шабуылға қатысып, Курск доғасындағы шешуші шайқасқа белсене араласқан. Бір жылдан кейін Кривой-Рог қаласын азат етуде оң қолынан, одан кейін де төрт рет ауыр жаракаттанып, талай рет ажалға бетпе-бет келген. Майдан даласында жүріп, партия қатарына өткен.

Жауынгер 1944 жылдың жазында үшінші топтағы мүгедек болып туған еліне оралады. Сол кезде ол небәрі жиырма бес жаста болыпты. Елге аман-есен келгеннен кейін Ақжар ауылының қызы Гүлжан Байсаловамен отбасын құрып, жеті бала тәрбиелеп өсіреді. 1945 жылы туып-өскен ауылы Аманкелді ұжшар Қашқансу байланыс бөлімшесі ашылып, ол соның бастығы болып тағайындалып, 37 жыл бойы

абыройлы еңбек етеді. Аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне зор үлесін қосып, құрметке бөленген.

Еңбегі жоғары бағаланып II-дәрежелі Отан соғысы орденімен, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің 20, 30 жылдығы, «Еңбек ардагері», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталады. 1982 жылы тағдырдың жазуымен 63 жасында дүниеден озған. Халқымызда «Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер» деген дана сөз бар. Иә, жалынды жастық шағында оқ пен оттың ортасында болып, Жеңіс күнін жақындатуға үлесін қосқан, бүкіл ғұмырын елі дәулетін арттыруға арнаған ардақты жандар ешқашанда ұмытылмайды. Осындай майдангер аталарымыздың өмір жолын зерттеп, ұлағаты істерін кейінгі өскелең ұрпаққа жеткізу – біздің міндетіміз.

Архив қорында Ұлы Отан соғысы майдангерлерінің өмірлері және қызметтері жайлы құжаттар сақталуда. Келешек ұрпаққа, зерттеушілерге, мектеп оқушыларына насихаттау мақсатында мәліметтер беріліп, тақырыптық көрмелер өткізіліп отырылады.

### ДӘН – ДИҚАҢНЫҢ ДӘУЛЕТІ

Қала әкімі Серік Қожаниязовтың қатысуымен Қарауылтөбе ауылдық округіндегі «Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің тәжірибе алқабында биылғы алғашқы дән себу рәсімі өтті.



Ерте көктемнен бері дархан даланы дүбіре бөлеген диқан қауымы осы күнді асыға күткені анық. Олардың қуанышына ортақтасып, береке негізін қалауға байырғы күрішшілер, батыр аналар да келді. «Биылғы жылы күріштен мол өнім аламыз» деген үкілі үмітін жазып ардагерлер де дән себу шарасына белсене араласты. Игілікті істің бастауында ауыл ақсақалдары ақ пейілден ақтарылған бағасын берді. Өз кезегінде шаһар басшысы дала диқандарының қажырлы еңбектеріне сәттілік тіледі.

– Жері күрішті, елі ырысты қаланың ауылшаруашылығы саласы жыл сайын толайым табыстарға қол жеткізіп келеді. Мұның бәрі ауыл еңбеккерлерінің ынтымақ бірлігінің жемісі. Бүгінгі Жер-Анаға себілген дән – ертеңгі диқан дәулеті, елдің ырзық-несібесі. Дала диқандарының дамылысз еңбегіне бақ-береке тілеймін, – деді Серік Салауатұлы.

Шара барысында ауыл шаруашылығы техникалары, күріш сорттары, тынайтықштар мен су үнемдеу технологиялары таныстырылып, науқанға дайындық барысы пысықталды. Биылғы жылдың үлкен жаңалығы – Сыр өңірінің климаты мен жер жағдайына жерсінетін «Айсара» дейтін күріштің жаңа сорты таныстырылды. Оны күріш институтының ғалымдары ойлап тапқан. Бір жағынан мол өнім беретін және тауарлық сапасы жоғары күріш сорты биыл алғаш рет өндіріске енгізілмек. Қала басшысы мұны молшылықтың негізі деп бағалады. –Ендігісі ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаев айтқандай, «егінші мәрт, жер жомарт»

болсын деп тілейік, – деді шаһар басшысы. Жалпы, биылғы егіске күріш тұқымының 4,4 пайыз отандық, 95,6 пайыз ресейлік сорттардан дайындалған. Қалаға қарасты ауылдық округтерде 8 677 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру, оның ішінде 3 614 гектарға күріш егу жоспарлануда. Мұнымен қатар, сулы аз қажет ететін малазықтық, майлы дақылдар мен картоп, көкөніс көлемін арттыру көзделген. Егіске 3010,7 тонна минералдық тынайтықш қажет болса, бүгінде ол толығымен сағып алынды. Ал, көктемгі дала жұмыстарына 157 дана ауыл шаруашылығы техникасы қатысады.



### КЕНЕГЕ ҚАРСЫ ДӘРІЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қала әкімі Серік Қожаниязовтың төрағалығымен әкімдік мәжілісі өтіп, мезгіл мәселесіне орай екі тақырып талқыланды. Көтем-жаз айларында кенемен күрес кезіні жүретіні белгілі. Биыл да осы бағыттағы қажетті шаралар атқарылауда. Қазіргі таңда мамандар қала көлемінде оң нәтижелі кенелер анықталған 12 ошақты есепке алды.

Көтө-қырым қанды безегінің табиғи ошақтарында орналасқан елді мекендердің кенеден сақтануына ауыл тұрғындарының малы мен қора-қопсысын залалсыздандыру жұмыстары шұғыл жүргізілуде. Алғашқы кезеңдегі іс-қимылға сәйкес, механикалық әдіс-тәсілдер ванналары арқылы қолдағы уақ малдар тоғыздан өткізілуде. Бұл жұмыстарға ерекше мән беруді

тапсырған қала әкімі қосымша қажетті дәрілік заттарды алуға қолдаулар жасалатындығын жеткізді. Айта кету керек, алдағы мамыр айының 12-24 жұлдызы аралығында ескінін кезеннің жұмыстары басталады.

Көктем шыға белгіленбеген орындарда тұрып, ашық ас-сусын саудасын қыздыратындардың қатары артады. Оларға ескерту жасалып, заң аясында шара көрілгенмен, үйреншікті жұмыстарына қайта оралып, жалғастыра береді. Бұл жағдайлар тұрғындардың денсаулығына кері әсерін тигізеді анық. Осыған орай, қала әкімі Серік Салауатұлы барлық құқық қорғау органдары мен тісті саланың басшыларына көше бойларында ашық тамақ өнімдерін сатушыларға шектеу кодыды тапсырды.

### Қызметке конкур

Қызылорда қаласы әкімдігінің, «Қызылорда қаласы, Белкөл кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты «Белкөл кентінің клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны басшысы азаматтық А1-4 бос лауазымына конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу күні: конкурс өткізу хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткен соң.

Конкурс өткізу орны: Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, Жаңа м/а 13/4 байланыс телефондары 8(7242)26-83-35 e.mail: belkyl-kz@mail.kz

Қызметтік міндеттері: коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жарғысына сәйкес қызметін қамтамасыз ету және жалпы басшылық. Үміткерлерге қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мәдениет туралы», «Тіл туралы», «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы», «Мемлекеттік рәміздер туралы» Заңдарын, Еңбек кодексі, Бюджет кодексі және басқа нормативтік құқықтық актілерін білу.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік кәсіпорнының басшысын тағайындау және аттестациялау, сондай-ақ, оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды қабылдау осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күннің ішінде жүргізіледі. Қажетті құжаттар тізімі:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. Мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3. Еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4. нотариалды куәландырылған білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5. нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
6. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.
7. 3x4 өлшемдегі 2 сурет.

### Объявление на вакантную должность

Коммунальное государственное учреждение «Аппарат акима поселка Белкуль города Кызылорды» объявляет конкурс на вакантную гражданскую службу А1-4 на должность руководителя государственного коммунального казенного предприятия «Клуб поселка Белкөл».

День проведения конкурса: проведение конкурса по истечении пятнадцати календарных дней со дня размещения объявления.

Место проведения конкурса: город Кызылорда, поселок Белкуль, м/н Нлвая 13/4 контактные телефоны 8(7242)26-83-35 e.mail: belkyl-kz@mail.kz. Должностные обязанности: общее руководство и обеспечение деятельности в соответствии с Уставом государственного коммунального казенного предприятия.

Требования к кандидатам: высшее (или послевузовское) образование, стаж работы в государственных органах и организациях не менее 5 лет, знание Конституции Республики

Казахстан, законов Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О противодействии коррупции», «О культуре», «О языке», «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия», «О государственном символах», Трудового кодекса, Бюджетного кодекса и других нормативных правовых актов.

Конкурс проводится на основании «Об утверждении Правил назначения и аттестации руководителя государственного предприятия, а также согласования его кандидатуры», утвержденных приказом министра национальной экономики Республики Казахстан от 2 февраля 2015 года №70.

Прием документов, необходимых для участия в конкурсе, производится в течение 15 календарных дней с момента публикации настоящего объявления.

Перечень необходимых документов: 1. заявление об участии в конкурсе; 2. резюме на государственном и русском языках;

3. автобиография, изложенная в произвольной форме;

4. копии документов об образовании, заверенные нотариально;

5. Копия трудовой книжки, заверенная нотариально;

6. Справка о состоянии здоровья по форме, утвержденной приказом исполняющего обязанности министра здравоохранения Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года № 907) об утверждении форм первичной медицинской документации организацией здравоохранения " (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6697).

7. 2 фотографии размером 3x4.

Участник конкурса вправе представить на рассмотрение комиссии любую документально подтвержденную информацию о своих профессиональных достижениях, повышении квалификации, научных исследованиях, наградах.





6.05-12.05.2024

ТОҚТЫ



Бұл аптада көпшілік ортада сіздің беделіңіз артып, ерекше назарында боласыз.

ТОРПАК



Қазіргі таңда қаржы тапшылығына тап болып жүрген торпақтардың ақша мәселесі шешілме.

ЕГІЗДЕР



Бір адамдардың шаруасын шешемін деп жүріп, жеке басыңызға уақыт бөле бермейсіз.

ШАЯН



Бүгін ерекше сабырлық танытыңыз. Өйткені үйдегі қарбаласпен түздегі тынымсыздық сіздің жүйкеңізді тосыруы мүмкін.

АРЫСТАН




Арыстандар жақындарын түсінбей аздап киналатын болады.

БИКЕШ




Қазіргі таңда сіздің дәрежеңіз бен күш-жігеріңіз жана қиындықтарға әкелуі мүмкін.

ТАРАЗЫ



Бүгіннен бастап сүйіктіңіз сізден бұрынғыдан да еке есе көп көңіл болуді талап етеді.

САРЫШАЯН



Бұл апта сізге көп жаңалық алып келмек.

МЕРГЕН



Сізді көптеген кездесулер күтіп тұр. Кешкісін орын алатын жаңа таныстық, сіздің өміріңізді бір жолата өзгертуі мүмкін.

ТАУЕШКІ




Сізге өміріңізді өзгеріске алып келетін жағдайға ұсыныс түсуі мүмкін.

СУКҮЙГЫШ



Қайырымдылық іс жасауға асығыңыз. Сізден қолдау күткен достарыңызды ұмытпай, жәрдем беріңіз.

БАЛЫҚТАР



Бүгін ата-анаңыздың қасынан табылыңыз. Олардың көңілін аулап, сыйсияпат жасаныз.

ИММУНДАУ - ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЕҢ СЕΝІМДІ ЖОЛЫ

Вакцинация – бұл балаларды және ересектерді жұқпалы аурулардан қорғаудың тиімді тәсілі.

Вакциналардың әрбір түрі ағзаға әр-түрлі тәсілмен салынады. Бұл ішке қабылданатын инфекция және тамшы болуы мүмкін.

Вакциналардың әрбір түрі ағзаға әр-түрлі тәсілмен салынады. Бұл ішке қабылданатын инфекция және тамшы болуы мүмкін.

Вакциналардың әрбір түрі ағзаға әр-түрлі тәсілмен салынады. Бұл ішке қабылданатын инфекция және тамшы болуы мүмкін.

аса жағдай тіркелді, оның ішінде 20 жағдай өліммен аяқталған. 2010 жылы Орта Азия аймағында полиомиелиттің эпидемиясы болды.

Дамыған әлемде қандайда бір сырқаттанушылыққа қарсы екпенің жүргізілуі мүмкін, егер ол сырқаттанушылық көп уақыттан бері тіркелмеген болса.

Қазақстан Республикасы Еуропа аумағының қақ ортасында орналасқандықтан, күнделікті жұқпалы аурулардың сырттан енуінің қаупі де зор.

тиімділігі екпені уақытылы және толық алуға тікелей байланысты. Иммунодау көрсеткішінің төмендеуі жұқпалы ауруларды қабылдағыш адамдардың көбеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Біздің заманымызда екпесіз өмір сүруге бола ма деген сұраққа нақты дәлелденген жауап бар: жоқ, болмайды.

Екпелердің бекітілген жалпы күнтізбесі бар, бірақ әр – бір бала жеке қаралады, екпе салар алдында әр-бір бала міндетті түрде тексеріледі.

Қалдығұл БАҒДАТҚЫЗЫ, №4 қалалық емханасының дәрігер-педиатры.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА ШАҒЫМДАРДЫ АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Халықтың медициналық қызметтердің сапасына шағымдарын төмендету мәселелері облыстық денсаулық сақтау басқармасының және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бірлескен селекторлық отырысында қаралды.

Халықтың медициналық қызметтердің сапасына шағымдарын төмендету мәселелері облыстық денсаулық сақтау басқармасының және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бірлескен селекторлық отырысында қаралды.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАЗАЛЫ ДӘРІГЕРЛЕРІ ЖҮРЕККЕ ОТАЛАРДЫ СӘТТІ ЖАСАУДА

Жүрек-қан тамыр аурулары Қазақстандағы өлім-жітім себептерінің қайғылы көшін бастап тұр. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде осы аурулардың алдын алу мен емдеуге ерекше көңіл бөлінеді.

Қол жетімді. Дәрігерлерге мың алғыс!,- деді Байқазак Омаров. Аудандық аурухананың рентген-эндovasкулярлық бөлімшесінің мамандары ай сайын 50-60 ота жасайды.

Әйтеке би кентінің тұрғыны Байқазак Омаров инфарктпен аудандық ауруханаға түсті. Мұнда тәжірибелі мамандар жұмыс істейді, ангиограф, қажетті медициналық жабдықтар бар.

Жыл басынан бері бөлімше мамандары 400-ге жуық ота жасады. Бұл максаттарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 171,8 млн. теңге бөлінді.



Мамыр – көктемнің соңғы айы. Он екі айдың ең сұлуы...

Бабалар мамырды зауза деп атаған. Бұл – қоңыздың атауы. Көнекөз, емші әжелер зауза (қоныз) майын жинайды.

Мамыр – көктемнің соңғы айы. Он екі айдың ең сұлуы, айнала гүлге бөленген, нұрға кенелген табиғаттың тамаша кезі.

Тағы бір мағынасы – ақу мен қаздың қанаттанбаған балапаны да мамыр дейді.

Мамыр айы жаңбырлы болып басталды. Бірде селдетіп, бірде себелеп, есебін тауып күн құрғатпайтын сыйнағы бар.

Мамыр айының алғашқы он күндігінде жұмыртқа шайқаған құстардың біразы қызылшақа балапан шығарады.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ МАМЫР АЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОН КҮНДІГІНЕ АРНАЛҒАН ЖОРАМАЛ: \*Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.

немесе қатты жел соғып, дауыл тұрып, соның салдарынан 1-2 күнге созылған суық болады.

Алда «Саратан-зауза» амалы бар. Мамырдың 10-жанасынан 15-жанасына дейін жалғасады.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін – мамыр айының 3-і, ай жүйесі бойынша, сәуірдің – 24-і, қазақы есеп бойынша, әлі сәуірдің 12-сі.

Алдағы аптада жауын-шашын бұрынғыдан жиілей түсуі мүмкін. Күннің қызуы күрт көтеріледі.

Мамыр айының алғашқы он күндігінде жұмыртқа шайқаған құстардың біразы қызылшақа балапан шығарады.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Бас редактор Егиншибаева Анар Жақысбекқызы

Жауапты хатшы Зибаш ӘЛИ 8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы: Әбілбай Садықбаев Данияр Сұлтанбеков Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы: Тоқмағанбетов көшесі 36 а, 1 қабат 7 кабинет Телефон: 8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды.

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 9820 дана Индекс 66503 Тапсырыс №105 E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru Электронды нұсқасы: https://ret-gazeta.kz/